

ҒТАХР 14.25.09

## ОЙЫН - БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Ф.Б. Асилбаева<sup>1</sup>, Р.Б. Исмаилова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> п.ғ.к, қауым.проф.м.а

<sup>1,2</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

email: [asylbaeva.f@mail.ru](mailto:asylbaeva.f@mail.ru)

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының ойын іс-әрекетін оқу іс-әрекетімен ұштастыра отырып ағылшын тіліне үйретудің тиімділігі баяндалады. Себебі, кіші мектеп жасындағы балалардың жаңа нәрсені танып білуге деген қызығушылығы ерекше болады. Бастауыш сыныпта ағылшын тілінен коммуникативтік (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дағдыларды қалыптастыру негізінен ойын арқылы жүзеге асады. Авторлар сабақ барысында ойын элементтерін дұрыс ұйымдастырылуы қажет деп есептейді. Сабақта ойынның түрлерін қолдану барысында қажетті біліктіліктер мен оларды дамытудың жолдарын қарастырып, бастауыш сынып оқушыларының төрт коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың шарттарын анықтаған. Сондай ақ, ойын арқылы бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретудің теориялық аспектілерін жан-жақты ашып көрсеткен.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, мотивация, шығармашылық, зерттеу іс-әрекеті, зерттеушілік дағдылар, педагогикалық шарттар

XXI ғасыр білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту - болашақ үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды дегендей, жас ұрпаққа саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы.

Шетел тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық байланыстарының сапалық өзгерістері адамның практикалық және зияткерлік іс-әрекетінде шетел тілдерінің сұранысқа ие болуы қажеттілігін туғызып отыр. Еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі кездегі міндетіміз. Ағылшын тілін тереңдетіп, жан-жақты оқытуды қоғам талап етіп отыр. Егеменді еліміздің білім беру жүйесін модернизациялау бағытында ауқымды іс-шаралар жүргізіле бастады. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгерді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттың және жалпы адамзаттың құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазіргі заман талабына сай біздің елімізде ағылшын тілін үйрету тіпті балабақшадан бастау алып, бастауыш мектептерде, колледждерде, жоғарғы оқу орындарда бірінші орында тұр. Ал ағылшын тілін жетік меңгеру үшін ең алдымен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту керек. Бастауыш сынып оқушыларының психикалық ерекшеліктерін ескеретін болсақ, олардың негізгі әрекеті ойын болып табылады. Ойын барысында жеке оқушының қабілеті, іскерлігі көрінеді. Ойын оқушыны бірлесе отырып жұмыс істеуге үйретеді, іздену дағдыларын қалыптастырады. Мұғалім әр оқушының жұмысын бағалауға мүмкіндік алады.

Сондықтан халық ойындарының мәңгілік мәнін ашуды тарихшылар, әдебиетшілер, этнографтар, археологтар, психологтар, педагогтар және басқа да ғылым саласында еңбек етушілер қашаннан бері назардан тыс қалдырмай келе жатыр.

Ойынды М.Жұмабаев бала үшін өмірлік тәжірибе деп көрсетсе, педагог А.П.Усова ойынның - бала үшін еңбек, оқу, тәрбиелік мәні зор іс-әрекет екенін баса айтты. Мғалім ойын іс-әрекетіне жетекшілік жасап, басшылық ету жөнінде өзіндік тұжырым жасады. Ол бала ойынының педагогикалық мәні және бұл саладағы теориялық ізденістер нәтижесін жүзеге асырудың тәжірибелік жолдары жөнінде жан-жақты талдауларын ұсынды.

Ойын туралы жоғарыда айтылған тұжырымдарын зерделей келе, Н.К.Ахметов пен Н.Ж.Хайдаровтардың сабақ барысында қолданылатын ойын әдістерін жіктелеуін былайша қарастырады. Олар: дидактикалық; грамматикалық; лексикалық; фонетикалық; рольдік; іскерлік т.б. [2].

Бастауыш буында шетел тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Әр сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақтың мазмұнына, мақсатына жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек. Сабақтағы ойын – ұжымдық еңбек. Мысалы, 4 сыныптағы «Пайдалы тағамдар» тақырыбына жаңа материалды бекіту кезінде Пазл құрастыру, шашыраған әріптерден тез арада сөздер құрастыру, 1 минутта кім қанша сөз құрастыра алады. Сондай-ақ, «Артық сөзді тап» ойынын қолдануға болады.

Cheese rain  
Hamburger bread  
Pizza butte  
Milk meat

Бұл ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың өз ойын дәлелдеуге, абстрактілі ойлауға көмектеседі. Бастауыш сыныптарда «Қай әріпті жоғалттым?», «Іздеп тап», «Түстерді айыр» ойындары тілдік, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ойындар ұйымдастыруға болады. 2 сыныпта дыбыстар алған кезде *фонетикалық* ойындарды, мысалы, «Естимін- Естимеймін» ойынын алатын болсақ ойын барысында оқушылар топқа бөлінеді. Мен сөздерді айтып отырамын, оқушылар сөздердегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың кездесуіне орай шарт бойынша қолдарын немесе екі қолымен бірдей көрсетеді, тақтаға ойнап тұрған балалардың қателерін жазып отырасың. Қатесі аз болған топ жеңімпаз атанады. Бұл ойын оқушылардың есту дағдысын қалыптастырады.

Сонымен бірге *алфавитпен* жұмыс істеуге арналған ойын балаларға қызықтырақ болады. Мысалы, «Әріптерді тап» ойыны. Тақтаға бірнеше сөз жазып, солардың ішінен берілген әріп басқаша оқылатындай үш сөз табу тапсырылады. Кім бұрын тапса сол жеңімпаз болады. Әрбір жеңімпазды формативті бағалаулар арқылы мадақталып отырады.

*Лексикалық ойындар.* Мысалы, 3- сыныпта сан есімдерді өткен кезде «Сандар» ойыны ойналады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Тақтаның оң және сол жағына бірдей сандар жазылады. Мен сандарды бірінен кейін бірін айтып отырамын, ойыншылар сол сандарды тез тауып, сызып тастап отырады. Тапсырманы бірінші орындаған топ жеңіске жетеді. Ойын нәтижесінде балалардың сан есім туралы білімі қаншалықты меңгергені тексеріледі.

*Грамматикалық ойындар.* Мысалы, «Қимылдарды көрсету» ойынын қарастырайық. Ойыншылар жұп болып бірнеше топқа бөлінеді. Бір ойыншы мимикамен немесе понтомима мен бір қимылды көрсетеді, ал екіншісі етістіктерді қолдана отырып, бұл қимылды түсіндіруі керек. Мұндай ойындар нәтижесінде көбінесе, етістіктерді ауызша сөйлеуде тез қолдануға дағдыланады. Ал дайындық тобында «Parts of the body» тақырыбын өткенде оқушыларға жаңа сөздерді меңгерту үшін «Let's fly» ойынын ойнатуға болады. Бұл ойында оқушылар орындарынан тұрып, қолдарын екі жаққа көтеріп құс тәрізді ұшады, бірге let's fly, fly, fly деп айтамыз. Мен «mouse» деген сөзді естігенде аузын көрсетеді. Қателескен немесе сөзді білмеген оқушы ойыннан шығады. Сол сияқты «nose, eyes, head, hand...». Ойын нәтижесінде оқушылар жаңа сөздерді тез меңгереді.

*Рөлдік ойындарды* табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш - ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс - әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс

құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік-ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады. Рөлдік ойындарды жүргізу алдында оқытушының әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындалуы шарт, ол әсіресе келесі мәселелерді алдын-ала мұқият талдап алуы керек:

- ойынды өткізудің әдістемесі (ойын шарттары мен ережелері, мақсаттары, кезеңдері, қатысушылар, т.б.);

- ойынның мүмкін нәтижелерін болжау;

- ойынның нәтижелерін қорытындылау.

Рөлдік ойындардың екі түрін ажыратуға болады:

1. Әрбір оқушы рөл ойнайды.

2. Оқушылардың шағын топтары рөл ойнайды.

Рөлдік ойынның бірінші түрі оқушылардың қандай да бір берілген тапсырмаларды орындау барысында топ ішінде рөлдерге бөлініп, сол рөлдердің ерекшеліктеріне сәйкес әрекеттер атқаруды меңзейді. Мысалы: *автор* - өз көзқарасы мен пікірін келтіруші, ұсынушы болады. *Түрлендіруші* - автордың ұсынысын толық қабылдамай, өз түсінігін құрастыратын, содан туындаған ойларымен басқалармен бөліседі, ал *сыншы (немесе Пессимист)* - талқылау барысында қабылданған шешімдерге күмән келтіріп, өзгеше ұсыныс жасап, басқа шешімдер мен көзқарастар келтіреді. Сонымен қатар, *ұйымдастырушы (немесе капитан)* - жасалған жұмыстың барлығын да үйлестіріп, қатысушылардың жеке пікірлерін жинақтауға, біріктіруге ұмтылып, оларды автордың көзқарасын дамытуға бағыттайды. Әр ойынның көркемдеуші суретшісі бар. Оның міндеті - топ жұмысының нәтижелерін плакатқа маркермен түсіру.

Бұлардан басқа да рөлдерді қолдануға тұрарлық, оларды қолдану («ойнау») ойынның мақсаттары мен жоспарланған нәтижелеріне байланысты болады:

- *идея келтіруші («идеялар генераторы»)* - үнемі өз ойларын келтіріп, топтың әрекеттерін соларды жүзеге асыруға бағыттаушы; *ақын* - бірлескен жұмысты жандандыру мақсатында топ жұмысына немесе мүшелеріне арнап өлең мен ұйқастар шығарушы; *күмәнданушы (немесе скептик)* - сыншы секілді әр идея, ой мен әрекетті күмәнданып қабылдаушы, қарсы пікір айтушы; *бақылаушы* – ойын ережелері мен рөлдерді орындау үшін қабылданған тәртіптерді, қатысушылар әрекеттерінің аяққы нәтижеге бағытталуын қадағалаушы [3].

Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады. Рөлдік ойындарды табысты және қарқынды жүргізе біледі. Сөйлеу әрекетінде қозғаушы күш - ырғақ. Сөйлеу ырғағын құру мұғалімдердің рөлдік ойындарды ұйымдастырудағы ең қиын іс - әрекеті. Оқушылардың қызығуын арттыру мақсатында мұғалім ойынға қатысушының өзіндік сөз ырғағын бейнелеп көрсетіп, тапсырманы дұрыс құра білуі керек. Тақырыптық «рөлдік-ойындар» оқушылардың сөйлеу дағдысының қалыптасуын дамытады.

Сабақ барысындағы кез-келген ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Психологиялық тұрғыдан алып қарағанда бастауыш және орта буында оқушылар белсенді және өте қозғалмалы болып келеді. Бұл жастағы балалар өздерін еркін ұстап, сабаққа аса қызығумен қатысады, өзінің айналасындағы нәрселерді көріп, соны бейнелеуді ұнатады.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының: қисынды ой-қабілеті дамиды; өздігінен жұмыс істеуге үйренеді; сөздік қорын байытып, тілі дамиды; зейіні қалыптасады; байқампаздығы артады; өзара сыйластыққа үйретеді;

ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды; бір-біріне деген оқушы сенімі артады; сабаққа қызығушылығы артады.

Жоғарыда ғалымдардың пікірін талдай келе келесідей тұжырымға келдік: берілген классификацияға коммуникативті біліктілікті дамыту ойындары түрін қосуға әбден болады деп ойлаймыз. Олай дейтініміз қазіргі кезде қоғам талабына сай, ағылшын тілдерін оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет - тілді коммуникативті бағытта оқыту, ондағы мақсат - оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты - оқушының ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамыту болып табылады. Қазіргі уақыттағы сабақ үдерісінде қойылып отырған талаптардың бірі оқушылардың коммуникативті сөйлеу біліктілігін дамыту мақсатында сабақ үдерісінде ойын түрлерін, коммуникативті ойындарды қолдануды негіздейді [4].

Шетелдік мектептерде ойын түрлері мен әрекеттері өте еркін, яғни олар ойын барысында өздерін өте еркін ұстайды, рөлдік ойындарды да нағыз образға шынайы түрде ене отырып орындайды. Ойын көптеген оқушылар өмірінің үлкен бөлігі болып табылады және олардың дамуында үлкен рөл атқарады. Олардың ойыны бала ойынынан ерекшеленетін ойындарға айнала бастайды, одан әрі оқушылар ұйымдастырылған және жоспарланған ойындарды ойнай бастайды, Олар әдетте ережелерді өзгерту мен нақты мақсатты қамтитын болады.

Қазіргі мектеп оқушыларының коммуникативтік ойындарды қолдану барысында, өз ойларын жеткілікті дәрежеде жеткізе алмауы, олардың сөздерді айтуда қателесемін деген ойының туындауында, яғни, тілдік барьердің болуы. Қазақ мектебінің кейбір балаларына ұяшақтық пен ұяңдық тән, олардың бойында өзгелермен жылдам тіл табысып кетуі баяу. Оның үстіне бізде тек ережемен, кітаптың тілімен сөйлеу негізі қалыптасып қалған және сол бойынша оқушыларды дайындауда олардың тілді үйренуге деген ынтасын өшіріп алуымыз әбден мүмкін. Міне, осы мәселені шешу үшін, ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік сөйлеу біліктілігін қалыптастырып, дамытуда ойын әдісінің рөлі өте зор - деген тұжырымға келеміз.

Белгілі американдық жазушы Е.Градин «You cannot effectively learn a foreign language until you make a million mistakes in that language. So hurry up and made your million mistakes» деп айтқандай, кез-келген адам ағылшын тілін сөйлеу әрекетінде миллиондаған қателерді жіберу арқылы үйреніп, шыңдалады. Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын - төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденіпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Бұл ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп. Соның ішінде бастауыш және орта буын сыныптарда пайдаланатын ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойындар т.б. Осылардың ішінде дидактикалық мақсаттағы ойындардың оқыту үрдісінде оқушылардың коммуникативтік күзіреттіліктерін дамытуда үлесі зор болып табылады [5].

Екібастұз қаласының ағылшын тілі пәні мұғалімі–практик А.Г.Аримбекова сабақ барысында оқушы зейінін сабаққа аудару, ауызша сөйлей алу және жазу дағдысын қалыптастыру, пәнге деген қызығушылығымен өз бетінше жұмыс жасай алу қабілетін дамыту дидактикалық ойындардың үлесінде екендігін алға тартып, мәтінді мазмұндауға үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға, мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету дидактикалық ойындарды ойнау барысында қалыптасатынын өз тәжірибесі арқылы жеткізген [6].

Балалар білімді ойын арқылы қабылдап үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тындап, ой-өрісін кеңейте алады, білім алуға қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұйымдастырылған ойындардың оның шет тіліне деген қызығушылығын оятуға берері мол.

Ойын арқылы оқушының білімі мен тұлғалық қасиетін дамытудың мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу - ұстаз шеберлігіне байланысты. Сондай-ақ, оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік

береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, іздемпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әртүрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады.

Қорыта келе, ойын баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі: бастауыш сынып оқушысының шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін, коммуникативті дағдыларының көрініс табуын жүзеге асырады. Кіші мектеп жасындағы баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. ҚР Білім туралы Заңы <http://online.zakon.kz/>
2. Ахметов Н. К., Хайдаров Н. Ж. Игра как процесс обучения. – Алма-Ата. Знание. 1985.
3. Қасенова Д.А. Ағылшын тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал «Мектептегі шет тілі». 2010. №1.
4. Дашкевич И.В. Здравствуй, незнакомый английский язык. Веселое рождество. Петропавловск, 2004. 6 б.
5. Rixon Sh. *How to use Games in Language Teaching*, London: The Macmillan Press Ltd., 1981, 125
6. <http://sabaq.kz/ағылшын-тілі-сабағында-дидактикалық/>

#### ИГРА КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ИНТЕРЕСА К АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Ф.Б. Асылбаева<sup>1</sup>, Р.Б. Исмаилова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> к.п.н., и.о. ассоц. профессора

<sup>1,2</sup> Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан  
email: [asylbaeva.f@mail.ru](mailto:asylbaeva.f@mail.ru)

В статье раскрывается эффективность обучения английскому языку в сочетании с игровой и учебной деятельностью учащихся начальных классов. Как известно, у детей младшего школьного возраста особенный интерес к познанию нового. В английском языке формирование коммуникативных навыков учащихся начальных классов осуществляется в основном посредством игры. Авторы считают, что в ходе урока необходимо правильно организовать игровые элементы. В работе рассматриваются необходимые умения и пути их развития, определены условия формирования четырех коммуникативных навыков учащихся начальных классов. Раскрыты теоретические аспекты обучения английскому языку младших школьников.

**Ключевые слова:** учащиеся начальных классов, игра, игровая деятельность, коммуникативные навыки, методика английского языка, формирование лингвистической способности

#### THE GAME AS A MEANS OF ENHANCING INTEREST IN ENGLISH OF STUDENTS IN PRIMARY CLASSES

F.B. Assilbayeva<sup>1</sup>, R.B. Ismailova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Cand. Sci. (Pedagogy), acting Associate Professor

<sup>1,2</sup> Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan  
email: [asylbaeva.f@mail.ru](mailto:asylbaeva.f@mail.ru)

The article reveals the effectiveness of English language teaching in combination with game and educational activities of primary school students. Children of primary school age have a special interest in learning new things. In English, the formation of communication skills of primary school students is carried out mainly through the game. The authors believe that during the lesson it is necessary to properly organize the game elements. And also the necessary skills and ways of their development are considered, the conditions for the formation of four communication skills of primary school students are determined. In addition, the theoretical aspects of teaching English to younger students were revealed.

**Key words:** elementary students, game, gaming activities, communication skills, methodology of English, the formation of linguistic abilities

Редакцияға 27.02.2019 түсті